

Арнайы су пайдалану жөніндегі қызметті лицензиялау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қаңтардағы N 84 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.09.17. N 812 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 17 қыркүйектегі N 812 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 76-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Арнайы су пайдалану жөніндегі қызметті лицензиялау ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитетімен бірлесіп, мұдделі министрліктермен және ведомстволармен келісім бойынша үш ай мерзімде Арнайы су пайдалану жөніндегі қызметтің түрлерін лицензиялау жөніндегі құжаттарды ресімдеу мен есепке алу туралы нұсқаулықты әзірлесін және бекітсін.

3. "Арнайы су пайдалануға келісім және рұқсат беру тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 29 желтоқсандағы N 1482 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 1994 ж., N 49, 557-құжат) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2004 жылғы 26 қаңтардағы
N 84 қаулысымен
бекітілген

Арнайы су пайдалану жөніндегі қызметті лицензиялау
ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Арнайы су пайдалану жөніндегі қызметті лицензиялау ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының Су кодексіне және "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Занына сәйкес әзірленді және су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті орган және оның бассейндік су шаруашылығы басқармаларының (бұдан әрі - Лицензиар) арнайы су пайдалану жөніндегі қызметтің түрлеріне лицензия беруі тәртібі мен шарттарын белгілейді.

2. Лицензиялар арнайы су пайдалану жөніндегі қызметтің мынадай түрлеріне беріледі:

- 1) ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, энергетика, балық шаруашылығы мен көлік мұқтаждары үшін жер бетіндегі су объектілерінен тәулігіне көлемі елу текше метрден астам су жинау және оны пайдалануға;
- 2) қайталама су пайдаланушыға жер бетіндегі су объектілерінен су жинау және су алуға.

2. Арнайы су пайдалану жөніндегі қызметтің түрлеріне лицензия беру тәртібі

3. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті орган арнайы су пайдалану жөніндегі қызметтің түрлеріне лицензияларды мыналарға береді:

- 1) ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерінен арнайы су пайдалануды жүзеге асыратын кәсіпорындарға;
- 2) шетелдік заңды тұлғаларға.

4. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті органның бассейндік су шаруашылығы басқармалары 3-тармақта аталғандардан басқа барлық жеке және заңды тұлғаларға арнайы су пайдалану жөніндегі қызметтің түрлеріне лицензиялар береді.

5. Арнайы су пайдалану жөніндегі қызметтің түрлеріне лицензия мыналармен:

- 1) Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық органдарымен - барлық жағдайда;
 - 2) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын атқарушы органдармен - барлық жағдайда;
 - 3) ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық органдарымен - мал шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдерін қайта өндөу мұқтаждары үшін жер беті суларын жинап алу кезінде;
 - 4) балық қорлары мен басқа да су жануарлары түрлерін қорғау, оларды молайту әрі пайдалану саласындағы арнайы уәкілетті аумақтық органдармен - балық шаруашылығы маңызы бар су объектілері үшін су пайдалану шарттары келісілгеннен кейін жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - лицензиат) беріледі.
- 3. Арнайы су пайдалану жөніндегі қызметтің түрлеріне қойылатын біліктілік талаптары**

6. Ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, энергетика, балық шаруашылығы және көліктің өз мұқтаждары үшін жер беті су объектілерінен су жинап алуға және пайдалануға арналған лицензия:

1) белгіленген талаптар мен стандарттарға сай олардың көмегімен су пайдалану жүзеге асырылатын құрылыштар мен техникалық құрылғылар тенгерімінде бар (пайдаланудағы немесе меншігіндегі) заңды және жеке тұлғаларға;

2) өтініш берушіде білікті персонал болған жағдайда беріледі.

7. Қайталама су пайдалануышыға жер беті су объектілерінен су жинап алуға және пайдалануға арналған лицензия:

1) қайталама су пайдалануышыға белгіленген талаптар мен стандарттарға сай олардың көмегімен жер беті су объектілерінен су беру жүзеге асырылатын құрылыштар мен техникалық құрылғылар тенгерімінде бар (пайдаланудағы немесе меншігіндегі) заңды және жеке тұлғаларға;

2) өтініш берушіде білікті персонал болған жағдайда беріледі.

4. Арнайы су пайдалану жөніндегі қызметтің түрлеріне лицензия алу үшін қажетті құжаттар

8. Арнайы су пайдалану жөніндегі қызметтің түрлеріне лицензия ресімдеу үшін өтініш беруші лицензиарға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) су объектісінің атауы, су жинап алу орны мен географиялық координаталары көрсетілген белгіленген нысандағы өтінішті;

2) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің нотариалды түрде күәландағырылған көшірмесін;

3) олардың көмегімен су жинап алу жүргізілетін құрылыштарға, техникалық құралдарға арналған жер участкесін бөлу актісін;

4) су пайдалануға арналған су шаруашылығы құрылышы немесе құралғысының паспортын;

5) салық органының мөртабанымен жеке тұлғаның есепке алынғаны туралы салық органының анықтамасы немесе кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелгені туралы күәлік;

6) арнайы су пайдалану шарттарын қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органдымен, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау, ветеринария (мал шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдерін қайта өндіру мұқтаждары үшін су жинап алу кезінде), балық шаруашылығы (балық шаруашылығы мақсатындағы су объектілерінен су жинап алу кезінде) саласындағы және жер қойнауын пайдалану мен қорғау жөніндегі уәкілетті орнадармен келісуді;

7) өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ;

8) лицензиялық алым төленгенін растайтын құжаттың көшірмесін.

9. Су жинап алуға арналған су объектілерін пайдаланумен байланысты арнайы су пайдалануға лицензия алу үшін осы Ереженің 8-тармағында көрсетілген құжаттарға қосымша мыналар ұсынылады:

1) су тұтынушылар мен олардың суға қажеттіліктері туралы мәліметтер;

2) су жинауды есепке алу мен жинап алынатын су сапасын бақылау (қадағалау) құралдарының болуы туралы мәліметтер.

10. Гидроэнергетика мақсаттары үшін су объектілерін пайдаланумен байланысты арнайы су пайдалануға лицензия алу үшін осы Ереженің 8-тармағында көрсетілген құжаттарға қосымша мыналар ұсынылады:

1) гидроэлектр станциясының белгіленген қуаты туралы деректер;
2) энергетикалық, су ағызы және өзге де құрылыштардың өткізу қабілеті туралы мәліметтер;

3) балық қорғау және балық өткізу құрылыштары туралы мәліметтер;

4) жоғарғы және төменгі бьефтердегі су режимі мен сапасының көрсеткіштерін бақылау (қадағалау) құралдарының болуы туралы мәліметтер;

5) гидроэлектр энергетикасы мұқтаждары үшін су ресурстарын пайдаланудың мәлімделген көрсеткіштері туралы мәліметтер.

11. Су алушы жер беті су объектілерін пайдаланумен байланысты арнайы су пайдалануға лицензия алу үшін осы Ереженің 8-тармағында көрсетілген құжаттарға қосымша мыналар ұсынылады:

1) кемелер мен басқа да жұзу құралдары туралы техникалық деректер;

2) олардың тіркелген порттарын көрсетіп кемелер мен басқа да жұзу құралдарын пайдалану құралдарын пайдалану мемлекеттік тіркелімінің рұқсаты;

3) кемелер мен басқа да жұзу құралдарында құралатын сарқынды сулар, қалдықтар мен шығарындылардың бүкіл көлемін қабылдауға арналған жағалаулық және жұзу құрылғыларымен қамтамасыз етілуі туралы деректер;

6) су объектісінің жай-қуйіне теріс әсер ететін немесе әсер етуі ықтимал объектілерді пайдалану және жұмыстар жүргізу кезінде акватория участкесіндегі су саласын (қадағалау) құралдарының болуы туралы мәліметтер.

5. Арнайы су пайдалану шарттарын өзгерту және арнайы су пайдалану жөніндегі қызметтің түрлеріне лицензияның қолданылуын тоқтата тұру

12. Кәсіпорындарды, құрылыштар мен объектілерді қайта жаңарту немесе техникалық қайта жарақтандыру процесінде арнайы су пайдалану шарттарын өзгерту қажеттілігі туындаса, лицензиат бұл туралы лицензиарға мәлімдейді және бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес арнайы су пайдалану шарттары бойынша құжаттаманы қайтадан келісуге ұсынады.

13. Арнайы су пайдалану жөніндегі қызметтің түрлеріне лицензия берген мемлекеттік органдар су заңнамасы талаптары бұзылған жағдайда оны тоқтата

тұраады.

Лицензияның қолданылуы тоқтата тұрған жағдайда оны берген орган тоқтата тұруды туындалатқан себептерді жою мерзімін көрсетіп, осындай тоқтата тұру себептері туралы жазбаша нысанда лицензиатты хабардар етеді. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұруды туындалатқан себептер жойылғаннан кейін оның қолданылуы жаңартылады, бұл туралы лицензиат жазбаша нысанда хабардар етіледі.

6. Лицензия беру туралы өтінішті қарau мерзімдері

14. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті орган немесе оның тиісті аумақтық органы лицензияны бір ай мерзімнен кешіктірмей, ал шағын кәсіпкерлік субъектілеріне егер заңнамалық кесімдерде өзге мерзім белгіленбесе, барлық қажетті құжаттармен бірге өтініш берілген күннен бастап он күн мерзімнен кешіктірмей береді.

7. Лицензиялық алым

15. Арнайы су пайдалану жөніндегі қызметтің тұрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алым ставкалары Қазақстан Республикасының салық кодексіне сәйкес белгіленеді. Лицензиялық қызметпен айналысадын бүкіл кезеңіне лицензия беру сәтінде біржолғы лицензиялық алым төленіп, жүзеге асырылады.

8. Лицензияны қолдану шарттары

16. Лицензияны қолдану шарттары, оның ішінде лицензия беруден бас тарту, лицензияның қолданылуын тоқтату, лицензияны қайтарып алу және оның қолданылуын тоқтата тұру тәртібі "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.